

**Дені сау нәрестеге үй
жағдайында патронаж
жүргізу және есептік
амбулаторлық картаны
толтыру**

**Орындаған: Әлмағамбет А.
Айтбаева Г.
Бегимова Г.
Тобы: 509 ЖМ**

Алғашқы нәресте патронажына мыналар қажет:

- 1. Уақытымен орындалуы
- 2. Салтанаттылық
- 3. Нәресте күтімін тиянақты түсіндіріп және көрсету
- 4. Анаға балалар емханасы жұмысы туралы мәлімет беру

- Перзентханадан нәресте шыққандығы туралы балалар емханасы мәлімет алғанда, олар туралы барлық деректер даму тарихына жазылады. Сол жерге босанғанға дейінгі патронаждарды да жапсырып қояды. Алғашқы патронажды бөлімшелік педиатр медбикемен бірігіп 1-2 тәулікте өткізеді, қажет бол



- Нәрестеге бару үшін дәрігер мен медбике жараны өңдеуге арналған таза (стерильно) арнайы оралған (қалта, банка және басқа) материалды, олардың әрқайсысы тек бір нәрестеге ғана арналған және қажет дәрі – дәрмек пен таза халат, ауызжапқыш (маска) алады.
- Нәрестенің алғашқы патронажында анаға анықтама – құттықтау әдебиеті де тапсырылуы керек:
- 1. Жайылмалы - жиналмалы “Анаға сәби туралы” ақпарат бет, онда күн тәртібін, ұйқы – ояу кездерін ұйымдастыру туралы, сәбидің тамақтануы мен оның дамуы туралы мәліметтер болады.
- 2. Арнайы көркемделген емхана мекен – жайы, телефон нөмерлері, бөлімшелік педитр мен медбике аты – жөні, емхананың жұмыс уақыты жазылған кесте беріледі.

- Патронаж кезінде медбике нәресте кіндігін (қажет болса) өңдейді, ананың жаялыққа дұрыс орауын, тамақтандыруын тексеріп, төсек – орнын дұрыс ұстау, нәресте бұрышын ұйымдастыру, шомылдыру және басқа тазалық – тәрбие туралы кеңес береді, әрі дәрігер тағайындауларын орындап, ары қарай сәбиді бақылау жөнінде нұсқау алады.
- Ананың сәби күтімінің барлық ережесін білумен қатар, оны орындалуына қол жеткізе керек, сондықтан медбике кеңестері ұсақ түйегіне дейін бөлімшелік педиатр нұсқауларымен сәйкес болуы керек.
- Бір айға дейінгі нәрестелерге медициналық көмек үйде көрсетіледі. Нәрестенің емханаға қатты қажеттілік туғанда ғана әкеледі.



● Нәрестенің біріккен дәрігер – медбикелік патронажы .

1. Қай перзентханада нәресте туды (№, аты)

2. Туған кезі, шыққан кезі _____ Туғандағы салмағы

Шыққандағы салмақ жоғалтуы

3. Босанғанда ауырлық болды ма, нәресте қандай күйде туды, бірден шыңғырды ма, тірілткен соң ба, перзентханада ауырды ма, немен, емделді ме, қалай?

4. Емшекке нешінші күні салынды?

5. БЦЖ (дата, серия)

6. Баланы қарағандағы деректер:

а) жалпы күйі, қозғалу белсенділігі

б) дене құрылысы



- в) терісі, бұлшық еті, сүйек жүйесі (ет гипертониясы, еңбегі)
- г) кіндік күйі, кіндік жарасы, кіндігі қай күні түсті
- д) ішкі құрылысы
- 7. Бала тәрбиесі жағдайы



Егер балада небір ауру байқалса, бөлімше педиатры мен медбике ол жазылғанша күнде келіп тұрады. Нәресте науқасы, оның перзентханадан уақытында не мезгілсіз шыққандығы туралы балалар емханасының меңгерушісі мен әйелдер босанатын үйдің нәрестелер бөлімінің меңгерушісіне хабарлайды. Егер сәбиге маман кеңесі қажет болса, ол үйге келеді. Мүмкіндігінше барлық емдік процедуралар үйде өткізіледі. Нәрестені бір айға толғанша медбике 4 рет, бөлімшелік педиатр 2 рет, (2,3 және 19 - 20) күндері қарайды. Сонымен қатар, барлық жаңа туған нәрестелер, әсіресе әлсірегендері және тууда жарақаттанғандар, балалар емханасы меңгерушісінің қатаң бақылауында алынады, олар дәрігерлер жазуын мұқият тексерумен және педиатрлармен әңгімеде нәрестені өзі қарауы қажеттігін анықтайды.




Егіз, шала, үлкен салмақпен туған, туғанда жарақаттанған, патологиямен туған нәрестелерге кеңесті (консультация) балалар емханасының педиатр бөлімі меңгерушісі береді. Одан кейінгі бақылауды кеңестерге сай жүргізеді.


Ана мен нәрестеге үйреншікті үй жайында тәуліктің әр кезінде жасалған бақылау тамақтандыруында ана сүтінің жеткіліксіздігі анықталса ғана, қоспалармен қосымша тамақ беруге негіз бола алмайды, әсіресе бір айлыққа дейін. Бұл мәселені шешуде сәбидің жалпы күйі, көңіл күйі және салмақ қосуы үлкен орын алады.

Бөлімшелік медбике бір айға дейінгі нәрестелерге патронаж жасағанда, ананың сәбиді дұрыс емізуіне көп көңіл аударуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

- Амбулаторлық – емханалық педиатрия, Е.Т.Дадамбаев, Алматы, 2010ж.
- Амбулаторно – поликлиническая педиатрия, В.А. Доскина, Москва, 2008г.
- Руководство по амбулаторно – поликлинической педиатрии, А.А. Баранова, Москва, 2009г.





**Назарларыңызға
рахмет!**

